

Таубаев Жарас Турысбекович

Саяси дискурстағы эпонимдер: прагмалингвистикалық аспект

**«6D021000 – Шетел филологиясы» мамандығы бойынша
филология докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған
диссертациялық жұмысына**

АНДАТПА

Жұмыстың жалпы сипаттамасы: Диссертациялық жұмыста ағылшын, орыс және қазақ тілдері материалдары негізінде қазіргі саяси дискурстағы эпонимдердің прагмалингвистикалық әлеуеті, қызметінің ерекшеліктері қарастырылады.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі: Тіл біліміндегі антропоөзектілік парадигма, дискурсивті төңкеріс, «адам факторы» рөлінің артуы лингвистердің тілдік құбылыстарды оның дискурсивті аспектіде және дискурсты тудыратын сөйлеушіні жан-жақты зерттеу мәселесіне назар аудартуда. Жаңа парадигманың ерекшелігі – оның бір уақытта коммуникативті, когнитивті және лингвомәдени аспектілерді тұтастықта, кешенді түрде қарастыруында. Осыған байланысты, эпонимдер саяси дискурстың тілдік құраушы бөлшегі ретінде антропоөзектілік парадигма аясында зерттелінеді және жұмыстың өзекті екенін көрсетеді.

Саяси дискурсты талдау белгілі бір қауымдастыққа тиесілі концептілерді, концептуалдық оппозицияларды, қарым-қатынас тактикасы мен стратегиясын, реципиенттермен ең оңтайлы жолмен қарым-қатынас жасауды анықтауға көмектеседі. Өйткені, саяси дискурста мәдениеттің құрамдас бөлшектері бар, жалпы және белгілі бір елдің ұлттық-спецификалық мәдени құндылықтары жинақталған қоғамдық-саяси өмірі көрініс табады. Сондай жалпы және ұлттық-спецификалық мәдени құндылықтарды бойына жинақтаған және зерттеуді қажет ететін тілдік бірліктердің бірі – эпоним.

Соңғы жылдары жаңа саяси ойлаудың қалыптасуында саясат пен тілдің арасындағы өзара байланыс аспектілерін, мерзімді басылымдардағы, саясаткерлердің саяси дискурсындағы тілдік бірліктердің қоғамдық санаға ықпалын зерттеу қажеттілігінің өзектілігі артуда. Біріншіден, мерзімді басылымдардағы адресанттардың (журналист, саясаткер) эпонимдерді тиімді қолдану арқылы адресанттардың (оқырмандардың) назарын жаулап алуын, реципиенттердің ішкі және әлемдік саяси жағдайлар жайлы өзіндік пікірлерін қалыптастырудағы маңыздылығын зерттеу өзекті; екіншіден, саясаткерлердің дискурсының прагматикалық ықпал ету тәсілдерін зерттеу, оның ішінде саяси дискурстың тілдік құралы ретіндегі эпонимнің прагматикалық ықпалының негізгі тетіктерін (механизмдерін) анықтау, саяси дискурстағы эпонимдердің қызметі мен манипуляциялық әлеуетін зерттеу кезек күттірмес мәселе.

Түрлі кәсіби қарым-қатынаста, оның ішінде, саяси дискурста жалпы терминдермен қатар эпонимдердің де маңызы зор. Олар, ең алдымен, салалық білімнің негізгі дереккөзі ретінде қарастырылады; екіншіден, өз мазмұнында

ұлттық және халықаралық когнитивті-мәдени ақпаратты қамтып, әр сала мамандарының қарым-қатынас жасауында қолданысқа ие. Алайда, эпонимдер күні бүгінге дейін саяси дискурс элементі ретінде жеке зерттеу нысанына айнала қоймағандығы, соған сәйкес жүйелеу және лексикографиялық тіркелімінің де қарастырылмағандығы диссертациялық жұмыстың өзектілігін танытады.

Қазіргі жаһандану дәуірінде кәсіби қарым-қатынаста ағылшын тілінің маңыздылығы зор. Осы орайда, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев 2017 жылдың 12 сәуіріндегі «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» (Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», 12 сәуір, 2017 ж.) атты мақаласында жаһандану дәуірі мен мәдениаралық қарым-қатынастың негізгі формасы болып табылатын кәсіби қарым-қатынастағы ағылшын тілінің маңыздылығын былай атап көрсетеді: «Жер жүзіндегі миллиардтан астам адам өзінің туған тілімен қатар, кәсіби байланыс құралы ретінде жапатарғамай оқып жатқан ағылшын тілін біздің де жаппай және жедел үйренуіміз керектігі еш дәлелдеуді қажет етпейтіндей». Осы бағыт бойынша эпонимдер кәсіби байланыстың тілдік құралы болғандықтан, кәсіби мақсатта қолданылатын тілдік бірліктер ретінде оларды зерттеу қажеттілігі дау тудырмайды.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсанда «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Ақпараттық технология дамыған қазіргі дәуірде күн сайын дерлік ағылшын тілі дүние жүзі халықтарының тілдеріне жаңа сөздер мен ұғымдар арқылы батыл ену үстінде. Бұл үдерістен біз де тыс қалмауымыз керек» (Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты, 14 желтоқсан, 2012 ж.). Эпонимдердің ақпарат құралдары, мерзімді басылымдар арқылы белсенді енуде және осы орайда, олардың қолданыс аясының кеңеюі, ағылшын эпонимдерінің қазақ және орыс тілдерінде жаңадан пайда болып жатқан эпонимдерге ықпалының зерттелуі қажет екендігі айқын.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев 2007 жылдың 13 ақпанында «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру мәселелері жөнінде былай дейді: «Өркениетті ұлт, ең алдымен тарихымен, мәдениетімен, ұлтын ұлықтаған ірі тұлғаларымен, әлемдік мәдениеттің алтын қорына қосқан үлкенді-кішілі үлесімен мақтанады. Сөйтіп, тек өзінің ұлттық жол тарихы мен мәдениеті арқылы ғана басқаға танылады» (Н.Ә. Назарбаев, «Мәдени мұра» 13 ақпан, 2007 ж.). Эпонимдер жалқы есімдерден жасалған когнитивті-мәдени тілдік бірліктер болғандықтан, ұлтымыздың танымында, рухани-мәдени дамуында орны ерекше, осы орайда эпонимдердің өскелең ұрпаққа тағылымы мол ақпарат беретін тілдік бірліктердің бірі ретінде зерттеу әрқашан өзекті.

Осы аталған мәселелердің барлығы қордаланған, шешімін қажет етеді және диссертациялық жұмыстың өзектілігін көрсетеді.

Ғылыми зерттеу жұмысының теориялық-әдіснамалық негіздері мен зерттелу деңгейі.

Эпонимдердің этимологиясы, жалпы анықтамасы, өзекті мәселелері, физика, химия, математика ғылым салаларында қарастырылуы, медициналық сөздік құрастыру мәселелеріне арналған зерттеулерге көптеген шетелдік ғалымдар өздерінің елеулі үлестерін қосты. Олардың ішінде:

- шетелдік ғалымдар: Trahair R., Teluja T., Boycott R., Marciano J., Hunter T., Duque-Parra J., Lliano-Idarraga J., Barankin B., Gooden P., Cappuzzo V., Raffner A., Новинская Н.В., Какзанова Е.М., Суперанская А.В., Скворцова Е.Е., Лейчик В.М., Блау М.Г., Ветощук В.И., Самусев Р.П., Гончаров Н.И., Топоров Г.Н.

Дискурс-талдау, институционалды дискурстың формасы ретіндегі саяси дискурстың ерекшеліктерін, саяси дискурстағы манипуляция, прагматикалық пресуппозиция, импликатура, коммуникативті максим мәселелері туралы зерттеулерге келесі ғалымдар үлес қосты:

- шетелдік ғалымдар: Van Dijk T., Wodak R., Schiffrin D., Fairclough N., Fairclough I., Fetzer A., Schaffner C., Chilton P., Garner R., Lasswell H., Haung Y., Austin J., Searle J., Grice P., Crystal D., Kasper G., Rose K., Lakoff R., Шейгал Е.И., Чернявская В.Е., Арутюнова Н.Д., Макаров М.Л., Степанов Ю.С., Баранова А.Н., Матвеева Г., Падучева Е.В.

- отандық ғалымдар: Сүлейменова Э.Д., Ахатова Б.А., Ибраева Ж.К., Сарсикеева Г.К., Бокаева А.Н., Халбеков А.Б., Иманбердиева С., Есенова Қ., Аубакирова С.С., Бүркітбаева Г., Шыныбекова А.С., Әзімжанова Г.М., Есенова Қ.Ө., Ерназарова З.Ш., Әлкебаева Д., Темиргазина З.К.

Алайда, эпонимдердің пәндік, пәнаралық өзекті мәселелері, құрылымдық топтастырылуы біршама зерттеу нысаны болғанымен, әлі де аталған тілдік бірліктер жеткілікті деңгейде қарастырылмаған, өзектілігі мен мағынасы толық ашылмаған тұстары баршылық. Эпонимдердің жалпы шетелдік және отандық ғылымда, ғылымның өзге салаларымен (химия, физика, медицина, астрономия) салыстыра қарағанда, саясат саласында, саяси дискурста зерттеу дәрежесінің өте төмен екендігін байқаймыз. Бұл, эпонимдердің саяси дискурста зерттелуін, эпонимнің саяси дискурстағы көрінісін, оның прагматикалық әлеуеті мен қызметін зерттеу қажеттілігін аңғартады. Осы аталған мәселелер диссертациялық жұмыстың тақырыбын таңдауды, мақсаты мен міндетін анықтап берді.

Ғылыми жұмыстың мақсаты: Қазіргі саяси дискурстағы эпонимдердің прагматикалық әлеуетін және қызметінің ерекшеліктерін анықтау. Осы мақсатқа жету үшін зерттеу жұмысында келесі **міндеттер** қойылды:

- саяси дискурстағы эпонимдердің қызметін анықтау;
- саяси дискурстағы эпонимдерді құрылымдық-грамматикалық топтастыру;
- қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі қоғамдық-саяси мерзімді басылымдардағы эпонимдердің сандық көрсеткішін жасау;
- эпонимдердің қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі қоғамдық-саяси мерзімді басылымдардағы адресаттарға прагматикалық ықпал ету тәсілдерін анықтау;

– саясаткерлердің саяси дискурсындағы эпонимдердің прагматикалық ықпалын анықтау;

– ассоциативті эксперимент негізінде эпонимдердің адресаттардың дүниетанымына прагматикалық ықпал ету деңгейі мен пресуппозициясын анықтау.

Зерттеу нысаны: Саяси дискурстағы эпонимдік тілдік бірліктер.

Зерттеу пәні: Саяси дискурстағы эпонимдердің прагматикалық ықпал ету механизмдері мен жасалу жолдары.

Зерттеу әдісі мен тәсілдері: Жаппай іріктеу, сандық (квантитативті), сипаттама, дефинициялық талдау, салғастырмалы, контент-талдау, дискурста талдау, ассоциативті эксперимент, семантикалық дифференциал әдісі қолданылды.

Зерттеудің дереккөздері: 2011-2017 жылдары аралығында басылып шыққан The New Republic, National Review, Politico, The Washington Post секілді ағылшын тіліндегі мерзімді басылымдар және «Жас Алаш», «Жас қазақ», «Егемен Қазақстан», «Central Asia Monitor», «Новое поколение», «Московская правда» секілді қазақ-орыс тілдеріндегі мерзімді басылымдар және саясаткерлердің дискурсы (www.Americanrhetoric.com., www.kremlin.ru/events/president), саяси терминологиялық сөздіктер.

Зерттеудің материалдары: Ағылшын тіліндегі мерзімді басылымдардан 255 эпонимдік бірлік, орыс тілінде 250 және қазақ тіліндегі мерзімді басылымдардан 240 эпонимдік бірлік жинақталды. Олардың ішінде жалпы 320 эпонимдік бірлік кешенді талдауға түсті. Ассоциативті эксперименттен 1200 реакция-сөздер (ассоциаттар) жинақталды.

Зерттеу жаңалығы: зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы келесі сипатта анықталды:

– антропоэзектілік парадигма аясында саяси ақпарат кеңістігінің өзегін құрайтын саяси дискурстағы эпонимдердің прагмалингвистикалық әлеуеті алғаш рет анықталды;

– алғаш рет эпонимдердің саяси дискурста тән анықтамасы ғылыми аппаратқа енгізілді;

– саяси дискурстағы эпонимдердің қызметі анықталды, құрылымдық-грамматикалық, компоненттік топтастырылуы жасалды;

– саяси эпонимдер алғаш рет когнитивті-мәдени, тарихи тілдік бірліктер ретінде саяси дискурстың тілдік құралы екеніндігі анықталды;

– саяси эпонимдердің ағылшынша-орысша-қазақша қысқаша түсіндірме сөздігі құрастырылып, лексикографиялық тіркелімі жасалды;

– ағылшын саяси эпонимдерінің орыс, қазақ саяси эпонимдеріне морфологиялық, сөзжасамдық, бірігу, кірігу нұсқасы бойынша ықпалы анықталды.

– саясаткерлердің дискурсындағы эпонимдердің прагматикалық мазмұны мен прагматикалық ықпал ету тәсілдері анықталды;

– эпонимдердің үш лингвомәдениет өкілдерінің тілдік санасындағы прагматикалық пресуппозициясы мен прагматикалық ықпал ету деңгейі анықталды.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы: Диссертациялық жұмыстың нәтижесінде жасалған тұжырымдар ономастика, прагмалингвистика,

терминтану, когнитивті лингвистика салаларына байланысты зерттеулерді толықтыруға әрі тереңдетуге өзіндік үлесін қосады және болашақта осы тақырыпты тереңірек зерттейтіндерге қосымша мәлімет бола алады. Сонымен қатар, ғылыми жобаларда, ғылыми семинарларда, эпонимдерге қатысты статистика жасауда қосымша ақпарат ретінде қолданыла алады. Эпонимге байланысты зерттеулер теориялық тұрғыдан жаңа тұжырымдармен толықты.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы: Диссертацияның материалдарын жоғарғы оқу орындарында прагмалингвистика, ономастика, саясаттану, терминология, лексикология, LSP (Language for Specific Purposes), Special-Professional Vocabulary of English (SPVE) секілді пәндерде негізгі немесе қосымша мәлімет ретінде қолдануға болады. Саяси эпонимдердің ағылшын-орыс-қазақ түсіндірме сөздігі халықаралық қатынастар саласындағы мамандарға, дипломаттарға, ағылшын тіліндегі баспасөз материалдарын дұрыс түсініп, оларды қазақ-ағылшын, ағылшын-қазақ тіліне дәлме-дәл әрі түсінікті етіп аудару үшін журналистер мен аудармашыларға, шетелдік басылымдарды оқитын түрлі сала мамандарына да пайдалы құрал. Зерттеудің нәтижесі саясаттанушыларға, журналистерге қажетті материал болып табылады.

Зерттеу жұмысы бойынша қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

1. Саяси дискурста эпонимдер жалпы тілге тән атауыштық, таңбалық, ақпараттық қызметтермен қатар, өзіне тән келесідей қызмет атқарады:

1) мемориалдық (тілдік ескерткіш) қызмет; 2) даралаушы қызмет; 3) инструментальділік (құралдық) қызмет; 4) имидждік қызмет; 5) идеологиялық қызмет; 6) интеграциялық қызмет.

2. Саяси дискурстағы эпонимдер тіл біліміндегі қалыптасқан жалпы терминдердің құрылымдық үлгілері негізінде: түбір, туынды, өздік, күрделі, аббревиатуралы болып бөлінеді. Грамматикалық топтастырылу бойынша субстантивті, адъективті, вербалды, субстантивті-субстантивті және субстантивті – адъективті болып жасалынады. Ағылшын тілінде субстантивті-субстантивті эпоним өздік эпонимге апостров (') арқылы беріледі. Ал субстантивті – адъективті эпоним «of» префиксі жалғану арқылы жасалады. Күрделі эпонимдердегі апеллятивтік топтастырылу бойынша акт, пакт, заң, жоспар, конференция, саммит деп қарастырылды.

3. Эпонимдер қоғамдық-саяси мерзімді басылымдардағы саяси дискурста белсенді қолданысқа ие. Ағылшын тілінде мерзімді басылымдардағы эпонимдердің 65%-ы антропонимнен, 35%-ы топоним арқылы, орыс тіліндегі мерзімді басылымдардағы эпонимдердің 65%-ы топонимнен, 35%-ы антропонимнен жасалғандығы, ал қазақ тіліндегі мерзімді басылымдарда антропоним мен топоним арқылы жасалған эпонимдердің пайыздық көрсеткіштері 51% және 49% құрайтындығы анықталды. Ағылшын тіліндегі және қазақ тіліндегі мерзімді басылымдардағы эпонимдердің 80% және 59% жағымды, ал орыс тіліндегі мерзімді басылымдардағы эпонимдердің 45% жағымды сипатта екендігі айқындалды.

4. Ағылшын, орыс және қазақ тілдеріндегі мерзімді басылымдардағы эпонимдердің прагматикалық ықпал ету тәсілдері келесідей беріледі: 1) тақырып-

аттардағы эпонимдердің прагматикасы: а) сұраулы сөйлемді тақырыпаттағы эпонимдер прагматикасы; ә) көпнүктелі сөйлемді тақырыпаттағы эпонимдер прагматикасы; 2) қайталама сөйлемдердегі эпонимдер прагматикасы; 3) предикативтік сөйлемдердегі эпонимдердің прагматикасы; 4) теңеу арқылы жасалған эпонимдер прагматикасы; 5) эпонимдердің бағалауыштық сөйлемдердегі ықпалы; 6) салыстыру не фактілерді қарама-қарсы қою арқылы ықпал ету; 7) идиомалар түрінде жасалған эпонимдер прагматикасы; 8) тарихи-мәдени реалий ретіндегі эпонимдер прагматикасы.

Эпонимдердің манипуляциялық амалдары мағыналық айқынсыздық жүйесі арқылы жүзеге асады; референциалды манипуляцияда эпонимдер эвфемизм және дисфемизм, фактілерді қарама-қарсы қою, оппоненттерді дискредитациялау тәсілі арқылы манипуляциялық ықпал етуге септігін тигізеді.

5. Саясаткерлердің саяси дискурсында эпонимдер тарихи реалий, бостандықты дәріптеу, ғаламдық тұрақтылық, ұлттық бірлік, нәсілшілдікке қарсылық, сыртқы имидж, даралауыштық (бірегейлік) мазмұны арқылы прагматикалық ықпалға ие. Осындай прагматикалық мақсатта қолданылатын эпонимдер міндетті түрде реципиенттерге ықпал етеді. Өйткені олар ізгілікке жол бастайтын, елді өркендету бағытындағы, мәдениетті, тарихты жаңғырту жолындағы жеке мемлекет және жалпы адамзат үшін маңызды құндылықтар. Прагматикалық ықпалы импликатура, антитеза, теңеу, сілтеме жасау, параллелизм тәсілдері арқылы жүзеге асады.

6. Эпонимдердің прагматикасы ұлттық-спецификалық, лингвомәдениет қауымының ұлттық кодтарының сәйкес келмеуінің негізінде жүзеге асады. Сөз-стимулдар көмегімен жүргізілген ассоциативті эксперимент негізінде анықталған эпонимдердің прагматикалық әлеуеті қазақстандық лингвомәдениетке тән саяси-тарихи реалий эпонимдер американдық лингвомәдени ортасына айтарлықтай ықпал етпейтінін көрсетті. Алайда, американдық лингвомәдени ортасына тән эпонимдер қазақстандық ортаға прагматикалық ықпалы төмен екенін анықталды, бірақ ресейлік лингвомәдени ортаға біршама ықпалы жоғары. Диссертациялық жұмыстағы саяси эпонимдердің ағылшын-орыс-қазақ қысқаша сөздігі аударма ісіндегі коммуникативтік сәтсіздіктерден өту және алдын-алу үшін қолданыла алады.

Зерттеудің жариялануы мен мақұлдануы. Диссертацияның мазмұны мен құрылымын ашатын 15 ғылыми мақала жарық көрді. Диссертацияның тұжырымдары, негізгі ережелері, қорытындылары Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің білім және ғылым саласын бақылау комитеті ұсынған басылымдарда 5 мақала, халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда 7 мақала, халықаралық журналда 1 мақала, Scopus базасына енетін импакт факторы бар ғылыми журналда 2 мақала жарық көрді.

1. «Эпоним» ұғымының шығуы және оның кейбір мәселелері // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2015. – №2(64). – Б. 398-401.

2. Институционалды дискурстың формасы ретіндегі саяси дискурстың ерекшеліктері // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2016. – №2 (64). – Б. –200-203.

3. Some peculiarities of political discourse in kazakstani periodicals // Көкшетау хабаршысы. Филология сериясы. – 2017.

4. Significance of discourse analysis and pragmalinguistics in modern linguistics // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2017. – №2 (166).–Р. 204-207.

5. Eponyms in Political discourse (on the material of English, Russian, Kazakh periodicals) // Man in India: Serial Publication, –Vol. 97 (21). – P. 455-462

6. Manipulative and pragmalinguistic aspects of political discourse // Mediterranean Journal of Social Sciences (Italy). – 2015. № 6. – Б. 254-257.

7. Прагмалингвистика және оның бірліктері: информема және прагмема // «Фараби әлемі» халықаралық ғылыми конференцияның материалдары.– Алматы, 2015.– Б. 200-201.

8. Саяси дискурстағы манипуляцияның ерекшеліктері // «Тілмодернизациясы: уақыт талабы // Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары.– Алматы, 2015. – Б. 271-275.

9. Эпонимдердің грамматикалық-құрылымдық ерекшеліктері мен айрықша белгілері // Аханов тағылымы // Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары.– Алматы, 2016. – Б. 71-74.

10. Саяси дискурста қолданылатын стратегия мен манипуляция түрлері // Аханов тағылымы // Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы, 2017.–Б. 65-68.

11. The main functions of eponyms in Political discourse // 1st European Conference on Languages, Literature and Linguistics (Vienna, Prague). – August 10, 2017. – P. 68-73.

12. Роль эпонимов в политическом дискурсе (Культурология, искусствоведение и филология: современные взгляды и научные исследования: сб.ст. по материалам VI международ.науч.-практ. Конф. – Москва, 2017. – № 6 (5).– С. 112-117.

13. Mussabekova U.E., Taubayev Zh.T. Structural (morpholoigcal) classification of eponyms in political discourse. Herald of Kokshetau state university (№2). – 2018.– P. 125-129.

14. Rivers W., Mussabekova U., TaubayevZh., Alimbayeva A. Peculiarities and problems of eponyms (on the material of Kazakhstanian periodicals) // Opcion. – 2018. – No 85-2 – P.221-236.

15. TaubayevZh.T. The consideration of an eponym as a cognitive-cultural notion // Society, culture, personality in Modern world: Materials of the IX international scientific conference on February 16-17. – Prague: Vědeckovydatelské centrum «Sociosféra-CZ», 2019.– P. 19-24.

Зерттеу жұмысының құрылымы: Диссертациялық жұмыс кіріспеден, анықтамадан, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады.

Кіріспе зерттеу жұмысының жалпы сипаттамасын, өзектілігін, ғылыми болжамын, теориялық-әдіснамалық негіздері мен зерттелу деңгейін, пәнін, нысанын, мақсаты мен міндеттерін, жаңалығын, қорғауға ұсынатын тұжырымдарын, зерттеу жұмысының жариялынымы мен мақұлдануын, теориялық және практикалық маңыздылығын қамтиды.

Бірінші тарауда эпонимдерді зерттеуге қатысты әдебиеттер шолуы, эпонимдердің пайда болу себептері, қалыптасу үдерісі, жасалу жолдары мен құрылымдық топтастырылуын, қазіргі лингвистикалық мәселелері қаралды.

Екінші тарауда жалпы дискурс теориясы, дискурс-талдау, институционалды дискурстың формасы болып табылатын саяси дискурстың ерекшеліктері, эпонимдердің мерзімді басылымдардың саяси дискурсындағы пайыздық көрсеткіштері, эпонимнің саяси дискурстағы қызметі мен құрылым-грамматикалық топтастырылуы, ағылшын эпонимдерінің орыс, қазақ эпонимдерінің пайда болуына ықпалы қарастырылды.

Үшінші тарауда саяси дискурстағы эпонимдердің мағыналық айқынсыз, референциалдық (фактологиялық, фокустық) манипуляциялық амалдары, мерзімді басылымдардағы эпонимдердің прагматикалық ықпал ету тәсілдері, саясаткерлердің саяси дискурсындағы эпонимдердің прагматикалық ықпал ету әлеуеті мен жолдарын, ассоциативтік эксперимент әдісі арқылы эпонимдердің үш лингвомәдениет өкілдеріне прагматикалық пресуппозиция деңгейін анықтауды қарастырылды.

Қорытынды зерттеу жұмысының тұжырымдары мен нәтижелерінің жалпы түйінін, зерттеу болашағын және ұсыныстарды қамтыды.

Қосымша А ағылшын-орыс-қазақ қысқаша түсіндірме сөздігінен тұрады.

Қосымша Б үш тілдегі ассоциативті экспериментте пайдаланылған сауалнама сұрақтарының үлгісін қамтиды.